

## Баянауыл ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 13 тамыздағы № 272 /8 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 20 тамызда № 24054 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 27 қарашадағы № 206/11 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімдігінің 27.11.2024 № 206/11 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Ескерту. 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі - осы қаулының 3-тармағымен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 – бабына сәйкес, Баянауыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Баянауыл ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Баянауыл ауданының әкімі*

*К. Каримов*

Баянауыл ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 13 тамыздағы  
№ 272/8 қаулысымен  
бекітілген

## Баянауыл ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

Р/с №	Салық салу объектісінің орналасуы	Аймаққа бөлу коэффициенті
Ақсан ауылдық округі		
1	Ақсан ауылы	1,95
2	Қаражар ауылы	1,85
3	Жалғыз Қайың ауылы	1,60
Бірлік ауылдық округі		
4	Бірлік ауылы	1,95

5	Ақмектеп ауылы	1,45
Жаңажол ауылдық округі		
6	Мәшһүр Жүсіп ауылы	1,95
7	Бүркітті ауылы	1,55
8	Қарашоқы ауылы	1,55
Жаңатілек ауылдық округі		
9	Жаңатілек ауылы	1,95
10	Мұрынтал ауылы	2,05
Қаратомар ауылдық округі		
11	Қаратомар ауылы	2,45
12	Белағаш ауылы	2,05
Құндыкөл ауылдық округі		
13	Құндыкөл ауылы	1,95
14	Егіндібұлақ ауылы	1,95
15	Біржанкөл ауылы	1,45
Күркелі ауылдық округі		
16	Жұмат Шанин ауылы	2,45
17	Шоманкөл ауылы	1,90
18	Жарылғап ауылы	2,35
19	Қойтас ауылы	2,30
Қызылтау ауылдық округі		
20	Жүсіпбек Аймауытов ауылы	1,95
21	Лекер ауылы	1,95
22	Үйтас ауылы	1,55
23	Ақши ауылы	1,55
Сәтбаев ауылдық округі		
24	Қаныш Сәтбаев ауылы	1,95
25	Мұса Шорман ауылы	1,95
26	Көкдөмбак ауылы	1,55
Торайғыр ауылдық округі		
27	Торайғыров ауылы	1,95
28	Қызылшілік ауылы	1,80
29	Қандықарасу ауылы	1,35
Ұзынбұлақ ауылдық округі		
30	Ұзынбұлақ ауылы	1,95
31	Ақши ауылы	1,45
Майқайың кенті		
32	Майқайың кенті	2,10
33	Сұлужон ауылы	1,85
34	Шөптікөл ауылы	1,85
35	Үшқұлын ауылы	1,85
Баянауыл ауылдық округі		

36	Баянауыл ауылы	2,45
37	Шонай ауылы	2,05

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК